



УДК 902.01 (574)
ҒТАМР 03.41.91

<https://doi.org/10.52967/akz2022.2.16.9.23>

Кетпен жотасы петроглифінің сюжеттеріндегі бұқа бейнесі (Науакескен, Ұзынкүңгей сайларының материалдары бойынша)

© 2022 ж. Амаргазиева Ә.Ж.

Keywords: archaeology, Ketpen, petroglyph, art, bull, myth, worldview, ideology, Bronze Age

Түйін сөздер: археология, Кетпен, петроглифтер, өнер, бұқа, миф, дүниетаным, идеология, қола дәуірі

Ключевые слова: археология, Кетпен, петроглифы, искусство, бык, миф, мировоззрение, идеология, бронзовый век

Asel Amargazieva¹

¹Master of Humanities, Senior Researcher, State Historical and Cultural Reserve-Museum «Issyk», Esik, Kazakhstan. E-mail: klio_7@mail.ru

The image of a bull in the pictures of the Ketpen ridge (based on materials from the gorges Nauakesken, Uzynkungey)

Abstract. Petroglyphs are one of the earliest sources of information about the life, culture and worldview of ancient people. Currently, various methods of studying petroglyphs have been developed and historical knowledge in this area has been sufficiently accumulated. However, one of the urgent problems of modern science is still the complex study of rock carvings, which requires solving issues related to the definition of chronology, interpretation, etc. The article presents the preliminary results of a comparative historical, cultural and semiotic study of the bull image recorded on the rocky surfaces of the northern slopes of the Ketpen ridge in the Nauakesken and Uzynkungey gorges (Almaty region). These petroglyphs are still poorly studied. The research of scientists focused on the analysis of the representations of the ancient population is taken as a basis; an attempt is made to produce cultural and chronological attribution of images, to determine the main reasons for the application of animal images to the surface of the stone, to comprehend the plot of petroglyphs. In addition, rock carvings from Zhetysu and Southern Kazakhstan, Kyrgyzstan were compared; the relevance of studying these archaeological sites was noted.

Citation: Amargazieva, A. 2022. The image of a bull in the pictures of the Ketpen ridge (based on materials from the gorges Nauakesken, Uzynkungey). *Kazakhstan Archeology*, 2 (16), 9-23 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2022.2.16.9.23](https://doi.org/10.52967/akz2022.2.16.9.23)

Әсел Жақсылықбайқызы Амаргазиева¹

¹гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға ғылыми қызметкер, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Есік қ., Қазақстан. E-mail: klio_7@mail.ru

Кетпен жотасы петроглифінің сюжеттеріндегі
бұқа бейнесі
(Науакескен, Ұзынкүңгей сайларының
материалдары бойынша)

Аннотация. Петроглифтер – бағзы заман тұрғындарының тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан, мәдениетінен хабар беретін ең алғашқы

Асель Жакслықбаевна Амаргазиева¹

¹магистр гуманитарных наук, старший научный сотрудник, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Есік», г. Есік, Казахстан. E-mail: klio_7@mail.ru

Образ быка в петроглифах хребта Кетпен
(по материалам из ущелий
Науакескен, Узынкунгей)

Аннотация. Петроглифы – один из самых ранних источников информации о жизни, культуре и мировоззрении древних людей. В настоящее время раз-



дерек көздерінің бірі. Қазіргі таңда петроглифтерді зерттеу әдістері қалыптасқан және олар бойынша тарихи білім қордаланған. Дегенмен, ғылымда жан-жақты зерттеуді, мерзімін анықтауды, семантикалық тұрғыда мазмұндау және басқада сұрақтарға жауап іздеуге сұранып тұрған, зерттелуі өзекті мәселелердің бірі болып табылатын жартас суреттері көптеп кездеседі. Автор мақалада Алматы облысына қарасты Кетпен жотасының солтүстік беткейіндегі Науакескен және Ұзынкүңгей сайларында орналасқан осындай жартас суреттеріндегі бұқа бейнесіне қатысты салыстырмалы тарихи-мәдени және семиотикалық зерттеудің нәтижелерін келтіреді. Яғни ғалымдар жүргізген зерттеулеріндегі көне тұрғындардың жануар образын тас бетіне қашауының негізгі себептерін анықтау бойынша берілген тұжырымдамаларын басты назарға ала отырып, петроглифтер сюжетінің дүниетанымдық тұрғыда мән-мағынасын мазмұндау, түсіндіру, петроглифтерді (бұқа бейнесі салынған жартас суреті) мерзімдеу, сипаттау мәселелерін қарастырады. Сонымен қатар, салыстырмалы тұрғыда бұған дейін Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстан жерлерінен анықталған жартас суреттеріндегі жануар бейнелерін басшылыққа ала отырып, стильдік жағынан ұқсастығы мен айырмашылықтарына талдау жасайды. Сондай-ақ, болашақта жартас суреттерімен қатар жергілікті археологиялық нысандардың зерттелуінің өзектілігіне де тоқталып өткен.

Сілтеме жасау үшін: Амаргазиева Ә.Ж. Кетпен жотасы петроглифінің сюжеттеріндегі бұқа бейнесі (Науакескен, Ұзынкүңгей сайларының материалдары бойынша). *Қазақстан археологиясы*. 2022. № 2 (16). 9-23-бб. DOI: [10.52967/akz2022.2.16.9.23](https://doi.org/10.52967/akz2022.2.16.9.23)

1 Кіріспе

Ежелгі суретшілердің ашық аспан астында қалдырған галереялары – петроглифтер палеолит дәуірінен бастап кейінгі ортағасырға дейін тас бетіне бояу, шеку, сызу, қашау арқылы түсірген туындылары. Жартасқа сурет салу өнері қола дәуірінде едәуір дамыған. Металды игеру, шаруашылықтың қарқынды дамуы, яғни сол кезге тән өндіріс көзінің ілгерлеуі, қоғамдық құрылым өзгерістері мен дүниетанымдық көзқарастар жартас суреттерінде көрініс тауып, оның сюжеттерінің күрделенуіне ықпал еткен [Самашев 2012: 30]. Мұндай құбылысты Жетісу өңірінің барлық жартас суреттерінен байқауға болады.

Қола дәуіріне тән петроглифтер «репертуарында» мифологиялық, ғұрыптық сарын басым. Бұл кезеңдегі діни наным-сенімдерінің әсерімен туындаған образ, яғни мифологиялық түсінікті аңғартатын жануар суреті – бұқа бейнесі. Мифтік образдағы бұқа бәдізін Алматы облысында орналасқан Кетпен жотасына қарасты Ұзынкүңгей, Науакескен сайларынан кездестіреміз (1а-сур.). Мұндағы петроглифтерде аталмыш бәдіз жеке дара немесе бірнеше жануар бейнесімен тұтасқан, синкриттік күйде кездеседі. Жануарға қатысты сюжеттерді петроглифист ғалымдар зерттеулерінде ауыз әдебиеті, жазба деректері арқылы жеткен аңыз-әңгімелер және ырым-тиымдармен

работаны различные методы изучения петроглифов и в достаточной мере накоплены исторические знания в этой области. Однако, одной из актуальных проблем современной науки по-прежнему остается комплексное изучение наскальных рисунков, требующее решения вопросов, касающихся определения хронологии, интерпретации и др. В статье представлены предварительные результаты сравнительного историко-культурного и семиотического исследования изображения быка, зафиксированного на скальных поверхностях северных склонов хребта Кетпен в ущельях Науакескен и Узынкунгей (Алматинская обл.). Эти петроглифы до сих пор являются малоизученными объектами. За основу взяты исследования ученых, сосредоточенные на анализе представлений древнего населения, предпринята попытка произвести культурно-хронологическую атрибуцию изображений, определить основные причины нанесения изображений животных на поверхность камня, осмысления сюжета петроглифов. Кроме того, сравнивались наскальные изображения из Жетысу и Южного Казахстана, Кыргызстана; отмечена актуальность изучения этих археологических объектов.

Для цитирования: Амаргазиева А.Ж. Образ быка в петроглифах хребта Кетпен (по материалам из ущелий Науакескен, Узынкунгей). *Археология Казахстана*. 2022. № 2 (16). С. 9-23 (на каз. яз.). DOI: [10.52967/akz2022.2.16.9.23](https://doi.org/10.52967/akz2022.2.16.9.23)



салыстырмалы тұрғыда қарастыра келе, ежелгі адамдар өз наным-сенімдері мен күнделікті тіршілігіне байланысты «алып күш құдіретіне ие» жануар деп сеніп, өнер көкжиегінде алуан түрлі композицияларға арқау еткен деген тұжырымға тоқтайды. Сонымен қатар жануар бейнесінің ежелгі мифологияда астралды, ғарыштық түсініктермен тығыз байланысы бар екенін аңғарамыз.

Жартас бетінен анықталған ғарыштық түсініктермен байланысты композициялар қатарына Таңбалы шатқалындағы басына күнбасты адам (күдай) мінген бұқа бейнесі; Баянжүрек, Ешкіөлмес, Құлжабасы (Қазақстан), Саймалы-Тас (Қырғызстан) петроглифтеріндегі мүйіздері мен құйрықтары



1а-сур. Науакескен мен Ұзынкүнгеі орналасуы. Картаны М.А. Антонов дайындады
Fig. 1a. Location of the Uzynkungey and Nauakesken. The map was prepared by M. Antonov
Рис. 1а. Расположение Узынкунгей и Науакескен. Карту подготовил М.А. Антонов

өскін-сәулелі түрінде шекілген және Бага Ойгур мен Хара Сала аймақтарындағы мүйіздері астралды белгідегі «Аспан бұқалары» деген атауға ие болған (Моңғол Алтайы) [Кубарев 2006: 46] бұқа бәдіздері жатады. Ал археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлер арасынан Есік қорымының күміс қапсырмасындағы көне мифологиялық мақлұлық образын (синкриттік, өгіз мүйізді), Ыстық көл (Қырғызстан) олжаларының бірі қос өгіздердің жатқан күйіндегі қола мүсіншелерін, Келермес (Адыгея, РФ) және Мелгунов (Украина) көмбелеріндегі семсерлердің алтын



сабы мен қын қапсырмасындағы түрлі тіршілік иелерімен астасқан күйдегі қанатты бұқа [Артамонов 1962: 31] кескіндерін және Майкоп (Адыгея, РФ) қабіріндегі шымылдық бағандарындағы бұқаның күміс және алтын мүсіндер сынды қолданбалы өнер туындыларын атауға болады.

Ежелгі Жетісу жері әр кезеңде адамзаттың жайлы мекені болған. Бұл өңірде бағзы заман жұрттарынан қалған тарихи-мәдени ескерткіштер көптеп кездеседі. Сондай ескерткіштердің бірі де бірегейі жартас суреттері. Жетісу өңірінде тың зерттеулер жүргізілген жартас суреттері қатарына Таңбалы, Таңбалы тас, Құлжабасы, Қарақыр, Баянжүрек, Ешкіөлмес және т. б. нысандар жатады. Ал Кетпен жотасындағы петроглифтердің зерттелуіне келсек, алғашқы деректер Н.Н. Пантусов еңбектерінде кездессе, аймақтан 1964 ж. Қазақ КСР ҒА жүргізген этнографиялық және археологиялық кешенді экспедициясының барлау жұмыстарының барысында 18 нысан анықталған [Аманжолов 1966: 79]. Соңғы жылдарда М. Найманбаев, А.Н. Марьяшев сынды ғалымдар Дардамты ауылына қарасты жартас суреттеріне зерттеу жүргізіп, археологтар мен туристердің назарын аудару мақсатында GPS-координаттарын интернет желісінде белгілейді [Зікірия, Амаргазиева 2021: 163]. 2017–2018 жж. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қаржыландыруымен «Есік» қорық-музейінің «Жетісу сақтарының идеологиясы мен мифологиясы» атты ғылыми-қолданбалы жобасының аясында (жетекшісі т.ғ.к. Г.Р. Мухтарова) Кетпен жотасының солтүстік беткейіндегі Науакескен, Болыссай және Ұзынкүнгеі, Кептерлі, Аққора сайларының петроглифтеріне зерттеулер жүргізілген болатын. Зерттеу барысында бұған дейін белгісіз болып келген әр дәуірге тиесілі жартас суреттерінің шоғыры мен жерлеу орындары анықталды. Кетпентау, Қарадала жазығында палеолит дәуірінен бастап соңғы орта ғасырға жататын көптеген археологиялық ескерткіштер кездеседі [Зікірия, Амаргазиева 2021: 163]. Тіпті олардың кейбіреулерін Қазақстанның киелі нысандарына жатқызуға болады: ежелгі қоныстар мен қала-жұрттар орны, тұрақтар, обалы қорымдар, қорғандар, жартастағы суреттер туындылары. Сонымен қатар, ерекше көзге түсетін ескерткіштер – тастан қаланған тізбектер мен шеңберлер және үйінділер. Олар сай табанынан беткейге қарай немесе кержолдар¹, жалғызаяқ жолдар мен қазіргі заманғы жолдарының жиектерін жағалай шатқал ауызынан тұмсыққа² (тақалмаға) дейін тізіліп жатыр. Кей деректерге сүйенсек мұндай қаланды тастар қола дәуіріне тиесілі болған. Әдеттегідей тас қоршаулардың көлемі: 0,1–0,3 м биіктікте болса, диаметрі 2–4 м жуық (1b-сур.). 1964 ж. жүргізілген зерттеулер барысында Тиірмен ауылынан (Долайты ауылынан шығыста 7 км) қола дәуірінің жерлеу орнының анықталуы, сол кездегі ғалымдарға кездейсоқ олжа болған. Жер бетінен 20 см тереңдікте ұзындығы 175–180 см, ені 40 см, қалыңдығы 10–15 см құрайтын үш төртбұрышты тас плиталар анықталған. Плиталар тас жәшіктер бетін жауып тұрған. Тас жәшік көлемі: ұзындығы 174 см, ені 118 см, биіктігі 50 см. Қабір ішінен 34 см тереңдікте (жер бетінен 54 см тереңдікте) екі қыш ыдыс, одан сәл төменде (жер бетінен 70 см тереңде) шығыс жағында адамның (күйдірілген) тоқпан жілігі мен маңдай сүйегі табылған. Қабір батыстан шығысқа бағытталған формада және мәйітті өртеу ғұрыпы болғаны. Жерлеу орны қола дәуірінің ерте (федоров) кезеңге тиесілі [Аманжолов 1966: 90, 91]. Демек бұл мандағы барлау барысында табылған тас қалаулар, үйінділер мен төбешіктер арасында біз болжағандай қола дәуірінің ескерткіштері болуы мүмкін. Көзбен көру бойынша анықталғандай олардың сыртқы құрылымы да соны растап тұр.

¹Кержол – бөктермен керлеп асатын жалғызаяқ жол.

²Тұмсық – шатқалдың, сайдың тақалған жері (таулы үстірт орналасқан аймақтарына тән географиялық термин).



1b-сур. Ұзынкүнгеі, тас қоршау. Сурет А.Ж. Амаргазиеванікі
Fig. 1b. Uzynkungey, the stone fence. Photo by A. Amargazieva
Рис. 1b. Узынкунгей, каменная ограда. Фото А.Ж. Амаргазиевой

Жартас суреттерін кешенді зерттеу барысында жоғарыда атылған ескерткіштер қоса зерттелсе көптеген сұрақтарға толыққанды жауап алатынымыз сөзсіз. Ондағы композициялардың негізгі орындалудағы мақсаты мен жекелеген сюжеттердің семантикасын анықтау археология ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Осындай ғылыми зерттеулер нәтижесінде тарихи сана мен тарихи-мәдени құндылықтар кодының реконструкциясы жасалады.

Жартас бетіндегі бұқа бейнесі дүниетанымдық тұрғыдан мағынасын мазмұндау мәселесі көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қарастырылып, қандайда бір аймақ бойынша ежелгі тұрғындардың наным-сенімдеріне байланысты жеке тақырып ретінде жазылып келеді [Кубарев 2006: 46; Самашев 2012: 92; Vednarik 2015]. Дегенмен қарастырылған Науакескен және Ұзынкүнгеі нысандары бойынша бұрын соңды жазылған мұндай ғылыми жарияланымды әзірше кездестірмедік. Сол себепті де, біз төменде біршама мысалдар келтіре отырып, петроглифтегі жануар бейнесінің семантикасына интерпретация жасап, мерзімделуін анықтаймыз.

2 Материалдар мен әдістер

2.1 Методология. Мақаланы жазу кезінде археологияның дәстүрлі: сипаттау, салыстырмалы типологиялық талдау, ұқсастықтарды іздеу, өз тұжырымдамасын ұсыну сынды әдістері қолданылды.



Ежелгі тайпалардың әр дәуірде өзіндік ерекшелікке тән символдық жазулар арқылы ойлары мен білімдерін жеткізу әрекеттерінің негізгі құралы болып табылатын жартас суреттері – зерттелуі мен мазмұндалуы жағынан ерекше әдістерді қажет ететін археологиялық дереккөздің бір түрі.

Кетпен таулары Үлкен Ақсу-Долайты ауылдарына қарасты Науакескен мен Ұзынкүңгей сайларынан археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде ғылыми зерттеулерді талап ететін ежелгі петроглифтер анықталған. Мұндағы петроглифтердегі бұқа бейнесінің семантикасы мен мерзімделуі және тағыда басқа сұрақтарға талдау жүргізу барысында археолог, тарихшы және фольклортанушы ғалымдардың бұқа жануарының ежелгі дәуірде адам өміріндегі дүниетанымдық тұрғыдағы алар орны жайындағы айтылған ойлары мен тұжырымдамалары пайдаланылды.

2.2 Материалдарға сипаттама

Орналасуы. 2017–2018 жж. «Есік» музей-қорығы жүргізген барлау-іздігіру жұмыстарының барысында Кетпен жотасының солтүстік сілемдерінде орналасқан, Үлкен Ақсу ауылдық округіне қарасты жоғарыда көрсетілген нысандар қазіргі заманғы елді-мекендермен арақашықтықтарына байланысты реттік нөмірмен белгіленген. Науакескен петроглифтері шамамен 10 км, № 1-ші, Болыссай 5 км, № 2-ші, Ұзынкүңгей 1 км, № 3-ші нысан болып белгіленіп, ондағы суреттер орналасуы бойынша топтастырылды [Отчет... 2018: 38].

Петроглифтер әдеттегідей сайдың күңгей беткейіндегі күңгірттенген тақта тас беттерінде қашалған. Бағзы заман суретшісі петроглифтерге жарықтың әсерін де ескерсе керек, күннің тік түскен сәулелерінің астында гравюралар өзінің пішінін жоғалтады және тек көлеңкеде, түстен кейінгі уақытта ғана оның контуры айқын көрінеді. Осыған ыңғайластырылған беті тегіс жалпақ келген тақтатастар таңдалып алынған. № 1-нысанда суреттер таудың етегінен басталып, жалдап көтерілетін жартастарға салынған. Әр нысан петроглифтері шоғырлануына қарай топтарстырылды. Мұнда Жетісу жартас суреттеріне тән бұғы, қос өркешті түйе, арқар, тауешкі, ит, қасқыр, садақшы, шабандоз, өрмекші, бұқа бейнелері және ұрыс, шайқастар мен аңшылық көріністері бейнеленген сюжеттер кездеседі [Амаргазиева 2020: 82]. Бұқаның суреті Науакескен, Ұзынкүңгей петроглифтердегі жиі кездесетін сарындардың бірі дей алмаймыз. Дегенмен 13 жабайы бұқа бейнесі аталмыш нысандар да төрт жерде кездеседі (2-сур.). Науакескен сайында жануар сұлбасы жартас суреттерінің I-ші тобындағы (№ 1-тақта) күңгіртсары тақтада қашалған таутеке, қос өркешті түйе, ит бейнелерімен қатар кездеседі (3-сур.). Барлық жануарлардың бейнесімен шығысқа, ал бұқа батысқа бағытталған күйінде кездессе, II-ші топта бұқаның жалқы (жалғыз, жеке) бейнесі тау жынысты таста (№ 23-тақта) шығысқа бағытталған күйінде қашалған (4-сур.), күңгірттенген (платина) тік тақтада (№ 29-тақта) оңнан солға қарай бұқа бейнесі өрмекші мен тауешкі суреттерімен қатар бейнеленген (5-сур.). Мұнда өрмекші мен тауешкі композициясы шығысқа, ал бұқа батысқа бағытталған екен. Келесі (№ 27-тақта) қара күңгірт тақтада жабайы бұқа бейнесі тауешкілер, мүйіздері салаланған бұғы, бірнеше садақшылар мен салтаттылар, түйе суреттерімен бірге салынған.

Ұзынкүңгей петроглифтерінде жабайы тур немесе мифтік жануар образындағы тоғыз бұқа бейнесі орташа сандықтастың күңгірттенген тегіс бетіне 0,5 мм тереңдікте шекіп салу тәсілімен (пикетаж) салынған (6-сур.). Мұнда қолына қару (?) алған адам және белгісіз бес жа-

2-сур. Науакескен петроглифтері, № 2-секциясының жалпы көрінісі. Сурет А.Ж. Амаргазиеванікі

Fig.2. Nauakesken petroglyphs, general view of section no. 2. Photo by A. Amargazieva

Рис.2. Петроглифы Науакескен, общий вид секции № 2. Фото А.Ж. Амаргазиевой





3-сур. Науакескен сайы, № 1-секция петроглифтері (№ 1-тақта).
Сурет А.Ж. Амаргазиеванікі

Fig. 3. Nauakesken gorge, petroglyphs of the section no. 1
(plane no. 1). Photo by A. Amargazieva

Рис. 3. Ущелье Науакескен, петроглифы секции № 1
(плоскость № 1). Фото А.Ж. Амаргазиевой



4-сур. Науакескен сайы, бұқа бейнесі (№ 23-тақта).
Сурет А.Ж. Амаргазиеванікі

Fig. 4. Nauakesken tract, depiction of bulls (plane no. 23).
Photo by A. Amargazieva

Рис. 4. Урочище Науакескен, изображение быка
(плоскость № 23). Фото А.Ж. Амаргазиевой

нуар суреті кездеседі. Бұл петроглифтер шоғыры 2018 ж. 13–19- қазан аралығында «Есік» музей-қорығының қызметкерлері жүргізген археологиялық барлау жұмысының нәтижесінде анықталған. Барлау кезінде петроглифтердің орналасуы мен анықталуына байланысты «Ұзынкүңгей II» деген атаумен аталып, белгіленген. Себебі, Ұзынкүңгей I петроглифтерінен Ұзынкүңгей II петроглифтері солтүстік шығысқа қарай шамамен 500 м жерде, келесі сай жырасының күңгей жотасында орналасқан. Ұзынкүңгей петроглифтерінің шоғыры 2016 ж. мәлім болып, 2017 ж. зерттеу жүргізілген. Ал кейінгі зерттеулерде анық болған осы маңдағы Ұзынкүңгей сайларының жыралары мен жоталарының жартас суреттері «Ұзынкүңгей II», «Ұзынкүңгей III» деп белгіленді.

Сипаттамасы. Науакескен петроглифтеріндегі бұқалар сұлбасы – шекіп салу (пикетаж) әдісімен 20–37 см аралығында 0,2 см тереңдікте сомдалған жабайы бұқа (тур). Олардың денесі және мойындары күжірейген жуан, қысқа, көтеріңкі, мығым, шоқтығы биік, айқын, бөксе жағынан гөрі кеудесі, омырауы кең, шаңырақ мүйіздерінің ортасына нүкте түсірілген. Қысқа құйрықтары жоғарыға шаншылған, ұштары дөңгелек диск тәріздес немесе шокпар басына ұқсас жұмыр. Жануарлардың аталық ені болымсыз байқалады. № 1, 23 тақтатастарда бұқа бейнелері бірдей сомдалған, олардың қос мүйіздерінің ұшы сыртқа көлбеулетіп салынған. Бұқалар мүйізінің формасы шөгентұтқыш (U) басына өте ұқсас болып келеді,



5-сур. Науакескен сайы, өрмекші, таутеке, бұқа бейнелері (№ 29-тақта). Сурет А.Ж. Амаргазиеванікі
 Fig. 5. Nauakesken, images of spiders, mountain goats, bulls (plane № 29). Photo by A. Amargazieva
 Рис. 5. Урочище Науакескен, изображения паука, горного козла, быка (плоскость № 29).
 Фото А.Ж. Амаргазиевой

екі сирақты, тек бағыттарында ғана айырмашылық бар: № 1-тақтада батысқа бағытталса, № 23-тақтада шығысқа бағытталған. № 29-тақтатаста бұқаның алдыңғы бір, артқы екі сирағы сомдалған және екі мүйізі орақ ай бейнесінде дөңгелене салынған.

Ұзынкүнгеі петроглифіндегі үш ірі, алты кішірейтілген бұқаның бейнесі сандықтас 60×100 см құрайтын жалпақ бетіне денесі буылтық-буылтық күйінде, мүйізі мен құйрықтары өскін-сәулелі түрінде шекіп бейнелеу тәсілімен түсірілген. Мұндағы жануарлар сұлбасы біркелкі немесе бір сарынды емес. Сандықтас бетіндегі композицияның ортаңғы, негізгі бөлімінде ірі (мүйізінен құйрығына дейін 39 см) көлемдегі айбат шегіп тұрған бұқа бейнеленген. Оның мүйізі шекесінен сәл көтеріліп алдына созылған (20 см), сопақша қораланған³, бұдан бөлек тік шолақ (мүйізге өте ұқсас) екі құлағы көрініп тұр. Мойыны жіңішке ұзын (тамағының астына сопақша түйме шекілген), кеуде тұсы сом, алдыңғы сирақтары алға қарай шіренген күйі, екі бүйірі буылып барып, жамбас тұсы жұмырланған, шоқтығы биік, артқы екі сирағы қысқа. Ұзын құйрығы жоғарыға көтеріліп, алдына

³Қораланған – пішіні қоршау іспеттес.



қарай иілген, сондай-ақ құйрығының ұшы қылшықталған немесе шоқпар тәріздес (дөңгелек диск іспеттес). Бұл бұқаның қораланған мүйізінің ортасында түсініксіз жануардың бейнесі (7 см) шекілген. Иілген құйрығының ортасында да кішкентай (5 см) бұқаның суреті байқалады. Оның екі орақ ай мүйізі тік. Келесі бұқа бейнесі үлкен бұқаның мойын тұсының жоғарғы жағында орналасқан. Оның мүйізі шеңбер, ортасына нүкте түсірілген. Мойыны қысқа жуан, құйрығы ұзын, жоғарыға шаншыла иілген. Бұқа суретінің өлшемі 8,5 см құрайды. Төрт аяғы бейнеленген, жауырыны мен жамбасы жұмыр, белі қайқы. Мұндай сұлбадағы үш бұқа бейнесі батысқа бағытталған күйінде сандықтастың ортаңғы, үстіңгі және астыңғы бөлігінде орналасқан.

Композицияның ірі көлемде тағы екі жануар суреті 25 см құрайды. Мұнда аталмыш жануар бейнесімен қатар антропоморфтық және басқа да зооморфтық фигуралар кездеседі. Суреттердің патинасы өте жоғары. Петроглифтердің кей бірінде соңғы кезеңдердегі жаңғырту іздері байқалады.

Ұзынкүнгеі сандықтасындағы тоғыз бұқа ешкі бейнесімен тұтасқан синкриттік түрде. Бұл көріністер композицияның тек азғана бөлшегі болса керек. Себебі сандықтас үлкен жартастан сынып түсіп, құлаған. Егерде тас сынығын өз орнына орналастырылса композицияны толыққанды оқып шығуға болар ма еді. Дегенменде бұл ғұрыптық көріністегі композиция екені анық. Мұндағы



6-сур. Ұзынкүнгеі 2, тоғыз бұқа бейнесі. Сурет А.Ж. Амаргазиеванікі

Fig. 6. Uzynkungey 2, the image of nine bulls. Photo by A. Amargazieva

Рис. 6. Узынкүнгеі 2, изображение девяти быков. Фото А.Ж. Амаргазиевой



суреттердің салыну стилі Баянжүрек петроглифтеріндегі текше сандықтастың бір тік қабырғасында денелері геометриялық тұрғыда бейнеленген үш бұқаның фигурасына [Самашев 2012: 22] өте ұқсас болып келеді.

3 Талдаулар мен нәтижелер

3.1 Мерзімделуі. Кетпен жотасындағы петроглифтердің хронологиясы неолит пен этнографиялық дәуір аралығын қамтиды. Суреттер қара-қоңыр марганецті темірленген қоңырқай түспен көмкерілген эффузивті жыныстардың жалпақ бетіне салынған [Аманжолов 1966: 79]. Суреттердің патинасының өте жоғары болуы мен петроглифтердің орындалу стилистикасы олардың мерзімделуін анықтауға мүмкіндік беретін жағдай болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстан петроглифтерінде бұқалардың бейнесі дәл қай кезеңнен бастап пайда болғанын шамалап болса да айту қиын [Кадырбаев, Марьяшев 2007: 52]. Дегенмен біз қарастырып отырған нысандар суреттерінің жасын олардың аналогтарымен салыстырмалы тұрғыда анықтауға болады. Археолог, ғалым, петроглифист З. Самашев: «Қазақстан аумағындағы бүгінгі таңда белгілі болып отырған бұқа бейнелерінің арасында бірқатар өлшемдері бойынша бір-бірінен стильдік және иконографиялық ерекшеліктерін де, қола ғасыры аясында жасалу уақыты бойынша да ерекшеленетін бірнеше топты бөліп көрсетуге болады» – деп келтіріп, қола дәуіріне тиесілі бұқа бейнесі кездесетін жартас суреттері тобына Саймалы-Таш, Ферғана жотасының, Талас Алатауының, Қырғыз жотасының, Шу-Іле тауларының және Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағының петроглифтерін атап көрсеткен. Жалпы ареалы осы аймақтардан тыс шықпайтынын, яғни солтүстік-шығыс Жетісу мен Балқаш маңы бойынан ары аспайтынын айтады [Самашев 2012: 95, 96]. Біз қарастырып отырған петроглифтердегі бұқа бейнесі стилистикалық тұрғыда осы аумақ петроглифтеріне өте жақын. Саймалы-Таш петроглифтерінде кездесетін таутеке немесе ешкі мүйіздерін сомдау стилі бар [Нерман 2021: 78]. Сонымен қатар, Алтай (Хар-Салаа, Бага-Ойгур, Цагаан-Гол, Ирбисту) жартас суреттеріндегі кездесетін «аспан бұқаларының» бейнесіне де ұқсас болып келеді. Бұл салыстырмалы тұрғыда қарастырылған аймақтардағы бұқа бейнелерін зерттеушілер қола дәуірімен мерзімдеп, кезеңін нақты көрсеткен. Демек Кетпен жотасы петроглифінің сюжеттеріндегі бұқа бейнесі қола дәуіріне тән петроглифтер. Себебі петроглиф сюжеттері ежелгі тұрғындардың белгілі бір салт-жоралғыларының көрінісі. Мысалы, шаңырақ мүйізді, дене салмағы мығым, жылдам жүгіре алмайтын бұл жануар аңшының оңай олжасына айналған. Жануар (бұқа ғана емес, сиыр да) тас ғасырының соңында қолға үйретіліп, қола дәуірінде шаруашылықтағы рөлі арта түседі. Оның өнімдері – терісі, сүйегі мен мүйізі шикізат ретінде тұрмыстық заттар мен қару-жарақтарды жасауда кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, жануар арба ойлап шығарылғанда оған жегіліп, қара күш иесіне айналды. Осылайша, қола дәуіріндегі адамдардың тіршілігін қамтамасыз ету ірі қараның ерекше рөлі – оның бейнесінің мәдени құндылықтар жүйесі мен дүниетанымдық құрылымдардағы орнын да анықтап, бұқаға табыну ғұрпының, онымен байланысты, ең алдымен береке, мал басының көбеюі идеясын көрсететін жоралғылардың туындап, қалыптасуына ықпал етті [Самашев 2012: 92–93]. Мұндай түсінік, идеялар тас беті өнері мен арнайы ғұрыптық ишараттарда көрініс табуы заңдылық. Кейінгі палеолит кезеңімен мерзімделетін Тесіктас үңгірінен бұқа-турлар суреті табылған. Ондағы жабайы жануар әдеттегідей жартастардағы суреттердегідей басын төмен салып, тыныш тұрған күйінде бейнелеген. Бұқаның басы, мықты, мүйізі әжептәуір дәлдікпен салынған, денесінің мығым келген кеуде жағы өркешімен жақсы көрсетілген [Маргулан 2003: 87]. Археологиялық зерттеулер барысында да Еуразия алқабынан неолит және қола дәуіріне тиесілі турлардың



(жабайы бұқалардың) қаңқа сүйектері анықталған болатын. Ал олардың жойылу кезеңі де осы қола дәуірінің соңында болған [Кадырбаев, Марьяшев 2007: 52–53]. Демек бұқа бейнесі петроглифтерге жануар тіршілік еткен кезеңдерде қашалып, мифтік образға айналған.

3.2 Семантикасы. Археология ғылымындағы өзекті, әрі күрделі мәселенің бірі ол анықталған артефактілердегі немесе жартас бетіндегі бейнеленген суреттердің, өнер туындыларының семантикасын анықтау. Біріншіден озған уақыт көлемінің узақтығы, екіншіден көне жазба деректерде толыққанды мәліметтердің сақталмауы немесе жоқтығы қиындық туғызады [Нерман 2018: 22]. Бұл мәселені шешу жолында ғалымдар ондағы бейнелерді, кейіпкерлерді көне мифологиялық сюжеттермен салыстыру әдісін қолдану арқылы тұжырым жасауды жөн көреді.

Петроглифтердегі бұқа бейнесі ежелгі тұрғындардың дүниетанымын көрсететін негізгі элементтердің бірі. Ежелгі дәуірде бұқаға, таутекеге және түйеге табынудың өсіп-өну идеясымен тығыз байланысы болған [Кадырбаев, Марьяшев 2007: 87]. Мұндай жануарлар сұлбасы тек тас бетіне қашалып қана қоймай, ежелгі өнер туындыларында (андық стилдегі бұйымдар мен әшекейлерде) кеңінен таралған. Ежелгі суретшінің адам немесе жануарды бейнелеуде ең маңызды детальдарын бөліп көрсетіп, аса назар аудартарлықтай айшықтай түскенін байқаймыз. Мысалы, бұқаның қара күш иесі екенін көрсетуге тырысқан ежелгі суретші оның кеуде тұсын айшықтайды, шіреніп тұрған бейнесін көрсетеді. Мүйіздерін ерекшелеп, тіпті оны мифтік жануар ретінде шекіді. Мұның дәлелі Жетісу жерінен анықталған петроглифтер мен құрбандық ыдыстарындағы көріністер [Акишев 1984: 37]. Ежелгі халықтар дүниетанымындағы бұқа образына Ә.К. Ақышев көне деректерді зерттей келе «Искусство и мифология саков» атты еңбегінде: «Үнді-ирандықтар арасында бұқа мифтердің күн цикліне енгізілген және от пен хаоманың, алғашқы құдайларының көрінісі болып саналған. Зерттеуші ғалым Л.А. Кэмпбеллдың дәлелдеуінде бұл бейне Өмір ағашының (діңгегінің) зооморфтық параллелі. Ригведадағы (Ригведа – әнұрандар жиынтығы, үнді мәдениетінің ең көне діни және әдеби ескерткіші) ғарыштық бұқа (*Old Ind varsan*) отқа, жарыққа және суға теңестіріледі. Батыс митраизмінде өгіз денесінің бөлшектенуі, Митра пышақтап өлтірген немесе жыртқыштар талаған көрінісі, Космостың пайда болуымен байланыстырылады, яғни ол Тваштра мен Ашвамедха жылқысымен парапар. Демек, Қазақстан аумағында өмір сүрген ежелгі халықтар да бұл бейнені дәл осындай түсінікте Таңбалы және Хантау петроглифтерде қалдырған. Мұнда бұқаға мінген Күн құдайы бейнелері кездеседі» деген тұжырым жасайды* (*аудармасы автордікі – ред. ескертпесі) [Акишев 1984: 37]. Орталық Азия халықтарының бұқа бейнесіне қатысты ежелгі түсінігі бойынша ғарыш әлемімен тығыз байланысты. Мысалы, ежелден жеткен аңыздарда Тәңірдің әмірімен ең әуелі Жер жаралды, одан соң Көк жаратылды, Жер мен Көкті мүйізімен көтеріп тұрған бір алып бар, ол Көк өгіз. Өгіз шаршап, жерді бір мүйізінен екінші мүйізіне ауыстырғанда немесе мүйізін шайқағанда жер сілкінеді, екі мүйізі сынса, аяғы талса ақырзаман болады деп ұғынған Мұндай мифтік аңыздар бұқаның, көк өгіздің соншалықты алып күшке ие екенін, оның Жер жаратылысымен тығыз байланысты, тіпті жер бетіндегі тіршіліктің де соның күшіне тәуелді екенін аңғартады. Осылайша бұқа, көк өгіз бейнесі аңыз-әңгімелермен қатар өнер туындыларының сюжеттерінде негізгі кейіпкерге айналып, бүгінге дейін жетіп отыр. Оңтүстік Сібір көшпелілері арасында бұқа Күннің, Өркендеу мен ырыс, берекенің нышаны болды. Бұқа мен Күннің жартас суреттеріндегі бірлесуі бұқалардың денесіне қашалған шеңберлердің геометриялық кескіндерінен айқындалады [Okladnikova 2016: 1016].



Ежелгі қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан аң стиліндегі бұйымдар сынды петроглифтер де өнер туындысы болып саналады. Онда адамның Әлем картинасы жөніндегі түсінігі мен көкірек көзі көретін, жан дүниесімен сезетін құбылыстардың шығармалар, туындылар арқылы бейнеленген көркем образдық жүйесі, танымдық формасы, яғни шындықтың көркем және таңғажайып бейнелері сомдалған. Осылайша петроглифтер сюжеттеріндегі бұқа бейнесі ежелгі адам санасындағы қабылданған культтік жануар ретіндегі көркемдік, мифтік көрінісі болып табылады.

4 Қорытынды

Кетпентау петроглифінің сюжеттері Жетісу петроглифтеріне тән сарынды дәлме-дәл қайталайды. Ерекше шекіліп, сомдалған бейнелер де кездеседі. Осындай петроглифтер қатарына арқар, өрмекші, бұқа бейнелерін жатқызуға болады. Бұқа суреті мақалада атап көрсеткендей Саймалы-Таш, Қаратау, Баянжүрек, тіпті Алтай петроглифтерінде кездесетін композициялар мен жекелеген суреттерге стильдік жағынан өте ұқсас. Бұл нысандарға зерттеу жүргізген ғалымдар ондағы композиция сюжеттерін талдау және олардың мазмұнын түсіндіру барысында үнді-иран және үнді-арий халықтарының көне мифологиялық мәтіндерін қатар қарастырған және олардағы параллелді негізге ала отырып тұжырымдар жасаған. Осылайша тас бетіндегі бейнелеу өнерінің мән-мағынасы біршама түсінікті бола бастаған. Сонымен қатар, халық арасында ертеден қалыптасқан түсініктер, ырым-тиымдар, эпостық жырларда кездесетін сөз тіркестер немесе дәстүрге айналған кей ғұрыптық салттарда ескерілген.

Петроглифтер шоғырланған орындар ежелгі заманда табыну орны немесе ашық аспан астындағы табиғи ғибадатхана деуге болады. Ондағы әрбір суреттің өзіндік атқарар рөлі мен символдық қызметі болуы мүмкін. Қола, ерте темір дәуірінде өмір сүрген халық діни наным-сенімдері бойынша күнге, отқа табынған. Бұл табынушылықтарын символдық таңбалар, жанурлар бейнелері және арнайы өткізген рәсім процесстерін бейнелеу арқылы көрсеткен. Мұндай символдық суреттерге семантикалық жағынан ұқсас таутеке, арқар, бұқа, бұғы мен жылқының бейнелері жатады. Әсіресе бұқа бейнесі семантикалық тұрғыдан құрбан шалу идеясымен тығыз байланысты [Зданович 1995: 50]. Ежелгі заманда адамдар құрбандық шалу арқылы құдайларға жақындау немесе солардың ризашылығын аламыз деп сенген. Құрбандыққа шалынған мал олардың идеялары мен табынушылықтарын, тілектерін құдайға жеткізуші ретінде қарастырылып, екі әлем арасындағы тасымалдаушы күшке, қасиетке ие жануар ретінде қабылданған. Тіпті мұндай жануарлар жойылып кеткен күннің өзінде де, олардың бейнелері біраз ғасырлар бойы мифтік желідегі аңыздарда, жартас бетіндегі туындылар қатарында сақталып қалған. Осылайша екі әлем арасындағы байланыстың қажеттілігін өзекті ететін түсініктер түрлі жоралғылардың, ғұрыптардың қалыптасуына жол береді. Бұл жоралғылар сонау қола дәуірінде қалыптасқан және ашық аспан астындағы табиғи ғибадатханалардың пайда болуына ықпал еткен. Ғибадатханалардың негізгі «атрибуты» осы тақта тастар мен олардың бетіне қашалған суреттер болған. Олардың маңында міндетті түрде тастардан қораланып қаланған ғұрыптық ошақтар немесе тұрақтар сынды ескерткіштер кездеседі. Ұзынкүнге петроглифтерінің батыс оңтүстігінде, яғни петроглифтерге қарама-қарсы теріскей жазығында бірнеше сақиналанып қаланған және жартас сағасына қораланған тастар тізбегі бар орындар анықталды. Оларға әзірше қазба жұмыстары



жүргізілмегендіктен бұдан артық мәлімет айта алмаймыз. Болашақта толыққанды мәлімет алу үшін бұл да зерттеуді қажет ететін нысандар қатарына жатады. Петроглифтердің мерзімделу мәселесін шешудегі тиімді әдіс оның маңайындағы археологиялық ескерткіштерге қазба жүргізу болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Акишев А.К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата: Наука, 1984. 176 с.
- 2 Аманжолов А.С. Древние надписи и петроглифы хребта Кетмень (Тянь-Шань) // Известия АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1966. № 5. С 79-96.
- 3 Амаргазиева А.Ж. Науакескен, Болыссай және Ұзынкүнгеі жартастарындағы арқар бейнесінің семантикалық түсіндірмесі // Отан тарихы. 2020. № 2 (90). 181-191-бб.
- 4 Артамонов М.И. К вопросу о происхождении скифского искусства // Сообщения ГосЭрмитажа. 1962. Вып. 22. С. 30-35.
- 5 Зданович Д.Г. Могильник Большекарагайский (Аркаим) и мир древних индоевропейцев Урало-Казахстанских степей // Аркаим. Исследования, поиски, открытия / Науч. ред. Зданович Г.Б., сост. Иванова Н.О. Челябинск: Творч. об-ние «Каменный пояс», 1995. С. 43-53.
- 6 Зікірія Д.Қ., Амаргазиева А.Ж. Кетпентау – жартас суреттерінің зерттелу тарихы // II Есік оқулары: «Еуразия далалық белдеуіндегі мемлекеттіліктің пайда болуы мен дамуы: алғышарттары, кезеңдері, салдары» атты халықар. ғыл.-тәж. онлайн-конф. м-дар жинағы (Есік қ., 21–22 қараша 2021 ж.). / Жауапты ред. Мухтарова Г.Р. Есік: «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы. Алматы: Қазақ ун-ті, 2021. 162-168-бб.
- 7 Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. Алма-Ата: Наука, 1977. 232 с.
- 8 Кубарев В.Д. Мифы и ритуалы, запечатленные в петроглифах Алтая // Археология, этнография и антропология Евразии. 2006. № 3 (27). С. 41-54.
- 9 Маргулан А.Х. Петроглифы Сарыарки. Гравюры с изображением волчьего тотема. Каменные изваяния Улытау. Соч. Т. 3-4 / Сост. Маргулан Д.А., Маргулан Д. Алматы: Дайк-Пресс, 2003. 246 с.
- 7 Отчет о НИР (итог.) Государственного историко-культурного музея-заповедника «Иссык» по теме «Идеология и мифология саков Семиречья». Рук. Мухтарова Г.Р.; исполн.: Джасыбаев Е.А. [и др.]. Есік: Государственный историко-культурный музей-заповедник «Иссык», 2018. 79 с. № ГР 0111РК00329. Инв. № 0218РК01399.
- 11 Самашев З. Жетісу жартас суреттері. Баянжүрек. Астана: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология инст-ң Астана қ-ғы филиал-ң баспа тобы, 2012. 240 б.
- 12 Bednarik R.G. Horse and Bull petroglyphs of Europe // Bollettino del Centro Camuno di Studi Preistorici. 2015. Vol. 40. P. 7-30.
- 13 Herman L. L'art rupestre de la vallée de Kenkol (oblast de Talas) au Kirghizstan // INORA. 2018. № 80. P. 22-31.
- 14 Hermann L. Saka animal style petroglyphs from Saimaluu-tash (Jalal-abad province) in Kyrgyzstan // 2nd Esik readings «The Origin and Development of the Statehood of the Steppe Belt of Eurasia Background, Periods and Consequences» the International Scientific and Practical Conference devoted to 30 years of Kazakhstan Republic's Independency Collection of articles (Esik, 21–22 November, 2021) / Ed. Mukhtarova G.R. Almaty: Kazakh University, 2021. P. 77-88.
- 15 Okladnikova E. Paleoglobalization: the symbolism of prosperity and evil in rock art of Ancient Eurasia // International Journal of Humanities and Cultural Studies. 2016. Vol. 3, no. 1. P. 1012-1019.

REFERENCES

- 1 Akishev, A. K. 1984. *Iskusstvo i mifologiya sakov (The art and mythology of the Sakas)*. Alma-Ata: "Nauka" Publ. (in Russian).



- 2 Amanzholov, A. S. 1966. In: *Izvestiya AN KazSSR. Ser. obshchestv. nauk (News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Ser. societies. sciences)*, 2, 79-96 (in Russian).
- 3 Amargazieva, A. J. 2020. In: *Otan tarihy (The homeland history)*, 2 (90), 181-191 (in Kazakh).
- 4 Artamonov, M. I. 1962. In: *Soobshcheniya Gosudarstvennogo Ermitazha (Reports of the State Hermitage)*, 22, 30-35 (in Russian).
- 5 Zdanovich, D. G. 1995. In: Zdanovich, G. B. (ed.), Ivanova, N. O. (compl.). *Arkaim. Issledovaniya, poiski, otkrytiya (Arkaim. Research, search, discovery)*. Chelyabinsk: Tvorcheskoe obiedinenie “Kamennyi poyas”, 43-53 (in Russian).
- 6 Zikiriya, D. K., Amargazieva, A. Zh. 2021. In: Mukhtarova, G. R. (ed.). *II Esik okulary (2nd Issyk readings)*. Almaty: Kazakh University, 162-168 (in Kazakh).
- 7 Kadyrbayev, M. K., Maryashev, A. N. 1977. *Naskalnye izobrazheniya hrebta Karatau (Rock carvings of the Karatau ridge)*. Almaty: “Gylym” Publ. (in Russian).
- 8 Kubarev, V. D. 2006. In: *Arkheologiya, etnografiya i antropologiya Yevrazii (Archaeology, Ethnography and Anthropology of Eurasia)*, 3 (27), 41-54 (in Russian).
- 9 Margulan, A. Kh. 2003. *Petroglify Saryarki (Petroglyphs of Saryarka)*. Almaty: “Dayk-Press” (in Russian).
- 10 *Otchet o nauchno-issledovatel'skoy rabote (itogovyy) (Research report (final))*. 2018. № GR 0111RK00329. Inv. No. 0218RK01399 (in Russian).
- 11 Samashev, Z. 2012. *Zhetysu zhartas suretterі. Bayan zhurek (Zhetysu rock paintings. Bayan zhurek)*. Astana: the Branch of the Margulan Institute of Archaeology in Astana (in Kazakh, Russian, English).
- 12 Bednarik, R. G. 2015. In: *Bollettino del Centro Camuno di Studi Preistorici*, 40, 7-30 (in English).
- 13 Herman, L. 2018. In: *INORA*, 80, 22-31 (in English).
- 14 Hermann, L. 2021. In: Mukhtarova, G. R. (ed.). *II Esik okulary (2nd Issyk readings)*. Almaty: Kazakh University, 77-88 (in English).
- 15 Okladnikova, E. 2015. In: *International Journal of Humanities and Cultural Studies*, vol. 3, no. 1, 1012-1019 (in English).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.
 / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.
 / Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
 Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
 Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 20.06.2022.
 Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 28.06.2022.
 Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.06.2022.

